

Ұлттық Банкте ұлттық валютаның бейнесі салынған ең үздік балалар суретін таңдайды

Бұл туралы Қазақстандағы қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша БАҚ-қа арналған брифинг кезінде ҚР Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д. Ғалиева хабарлады.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Ұлттық Банк еліміздің жас ұрпағының білім деңгейін арттыруға бағытталған Қазақстан банкноттары мен монеталарының ең үздік бейнесіне конкурс ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Конкурсқа қатысқан балалар нумизматика, бонистика, ақша тарихы саласында білім алып, ұлттық, сол сияқты әлем валюталарының ерекшеліктерін білетін болады деп санаймыз», – деп атап өтті қаржы реттеушісінің өкілі.

Хабарда атап өтілгендей, конкурсқа 7 және 14 жас аралығындағы балалар қатыса алады. Іс-шараны өткізу шеңберінде Ұлттық Банк мамандары теңгенің тарихы туралы дәріс оқиды, банкноттар мен монеталарды дайындау процесі туралы айтып береді. Конкурсты өткізу мерзімдері мен оның талаптары туралы толығырақ ақпарат ҚР Ұлттық Банкінің интернет-порталында орналастырылатын болады.

ҚР Ұлттық Банкі ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тартқаны үшін айыппұлдар туралы еске салды

ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары Д. Ғалиева БАҚ-қа арналған брифинг барысында Қазақстанда «ұсақ» купюралардың тапшылығына байланысты сұрақтарға жауап бере отырып: «Тауарлар немесе қызметтерге ақы төлеу кезінде ірі номиналды банкноттарды, оның ішінде қайтаратын ақшаның болмауы себепті оларды қабылдаудан бас тарту

проблемасына тап болған әрбір адам Ұлттық Банктің кез келген филиалына өтініш жасай алатындығын атап өткіміз келеді» – деп мәлімдеді.

Қаржы реттеушісінің өкілі түсіндіргендей, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте заңды төлем құралы болып табылатын ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын қабылдаудан бас тарту үшін айыппұл түрінде жаза көзделген. Сондай-ақ, егер екінші деңгейдегі банктер заңды төлем құралы болып табылатын ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарын айырбастаудан немесе ұсақтаудан бас тартса, айыппұл көзделеді, бұл ретте банктердің мұндай операциялар үшін комиссия алуға құқығы бар.

Ұлттық Банкте банкноттарды алып қою тәртібін қайтадан түсіндірді

«Қазақ елі» сериясының жаңа дизайндағы барынша қорғалған банкноттарының айналысқа шығарылуына байланысты, 2006 жылы шығарылған және Бәйтерек бейнеленген номиналы 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттар ағымдағы жылдың 4 қазанынан бастап және номиналы 1000 теңгелік банкноттар 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап айналыстан алынатын болады, – деп хабарлады ҚР Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы Т. Әбішева Алматыда БАҚ үшін өткен брифинг барысында.

«Бүкіл халық ескі банкноттарды жаңасына ауыстырып үлгеру үшін біз ескі және жаңа үлгідегі банкноттардың қатар айналыста болу кезеңін белгілейміз. Бұл кезеңде ескі және жаңа банкноттарды барлық төлемдер және аударымдар бойынша қабылдайды. Алайда 2016 жылғы 3 қазанда аяқталатын айналыста қатар болу кезеңі аяқталғаннан кейін ескі үлгідегі банкноттар төлем құралы болып есептелмейді», – деп атап көрсетті қаржы реттеушісінің өкілі.

Бұл ретте, Ұлттық Банкте атап өткендей, әлі 1 жыл бойы барлық банктер және Қазпочта, ал Ұлттық Банктің филиалдары кейінгі 4 жыл ішінде ескі банкноттарды жаңа үлгідегі банкноттарға айырбастайтын болады.

Ұлттық Банк: ақша белгілерін қорғау деңгейін арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде

Ұлттық валютаның банкноттары мен монеталарының қорғанышын қамтамасыз ету бойынша қаржы реттеушісі жүргізіп отырған жұмыс туралы ҚР Ұлттық Банкінің Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы Т.Әбішева Алматыда БАҚ үшін өткізілген брифинг барысында айтты.

«Біз үшін негізгі міндеттердің бірі біздің банкноттарымыз бен монеталарымыздың жоғары қорғаныш деңгейін қамтамасыз ету болып табылады. Оларды әзірлеу кезінде Ұлттық Банктің дизайнерлері әлемдік практикада бар қорғаныш элементтерін зерделеп, талдайды. Ұлттық Банк жаңа қорғаныш элементін енгізу кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады: қорғаныш элементін тұрғындар оңай тануға, касса техникасымен оңай танылуға және қолдан жасау үшін күрделі болуға тиіс», - деп атап өтті ол.

Т.Әбішеваның айтуы бойынша, жалған монета жасаушыларға қолдан жасалған ақша белгілерінің сапасын «арттыруға» мүмкіндік жасайтын жаңа технологиялардың өте жылдам дамуын ескере отырып, қаржы реттеушісі біздің банкноттарымыз бен монеталарымыздың қорғаныш қасиеттерін күшейту, оның ішінде жаңа дизайндағы ақша белгілерін айналысқа шығару бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Инвестициялық монеталар капиталды салу объектісі ретінде

Ұлттық Банктің монеталарына инвестициялау мүмкіндіктері туралы ҚР ҰБ Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы Т. Әбішева

Қазақстандағы қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша БАҚ-қа арналған брифинг барысында хабарлады.

Ұлттық Банк коллекциялық монеталардан басқа инвестициялық монеталар шығарады. Инвестициялық монеталар – инвестиция объектісі болып табылатын бағалы металдардан дайындалған ұлттық валютаның монеталары. Инвестициялық монеталар күмістен де, сол сияқты алтыннан да соғылады және сатып алу күнімен салыстырғанда металл құнының айырмасымен ұзақмерзімді кезеңде халыққа ақша табуға мүмкіндік беретін құрал болып табылады.

Инвестициялық монеталарды Ұлттық Банктің барлық филиалында сатып алуға болады және оларды сол жерде кері сатып алуына өткізуге болады.

Ұлттық Банк халыққа жалған монета жасаушылардың құрбаны болып қалмау туралы түсіндіріп берді.

ҚР Ұлттық Банкі банкноттарының дизайнері Меңдібай Әлин бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифинг барысында жалған банкнотты қалай ажыратуға болатындығы туралы түсіндіріп берді. Сондай-ақ, ол «банкноттарды қолдан жасауға әрекет жасалғандығы және олар көбінесе ескі дизайндағы банкноттар екендігін» атап өтті.

Жалған монета жасаушылардың құрбаны болып қалмау үшін дизайнер халыққа банкноттардың түпнұсқалығын айқындау үшін «Сезін-қара-аударып көр» қағидасын ұстануға кеңес берді, оның көмегімен банкноттардың қолдан жасалуын қиындататын техникалық тәсілдерді танып білуге болады.

Ұлттық Банктің монеталарын интернет арқылы сатып алуға болады

ҚР ҰБ Қолма-қол ақшамен жұмыс жүргізу басқармасының бастығы Т.Әбішева Қазақстандағы қолма-қол ақша айналысы мәселелері бойынша

БАҚ-қа арналған брифинг барысында Ұлттық Банктің монеталарын интернет арқылы қалай сатып алуға болатындығы жөнінде айтып берді.

«Ұлттық Банктің сайтында интернет-дүкен бар, онда ҚР ҰБ-ның www.nationalbank.kz. сайтының «Ұлттық валюта» бөлімінде тіркелу арқылы монеталар сатып алынады. Монеталарды тіркелусіз сатып алған жағдайда өтінімнің ұсынылған нысанын толтыру қажет болады, – деп түсіндірді ол.

Сондай-ақ Т.Әбішева ҚР ҰБ-ның интернет-дүкені арқылы тапсырыс берілген монеталарды жеткізу «Қазпочта» АҚ-тың «EMS» курьерлік қызметі «есіктен есікке дейін» жүйесі бойынша жүзеге асырылатынын атап өтті. Сатып алушы таңдап алған тауарды жеткізу құны «Қазпочта» АҚ-тың тарифтеріне сәйкес автоматты түрде есептеледі. Жеткізу құнына, сондай-ақ монеталардың жария етілген құнынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде сақтандыру үшін алынатын сома кіреді».

Ескерткіш монеталар үшін ақы төлеу және жеткізу талаптарына қатысты толық ақпаратты Ұлттық Банктің www.nationalbank.kz. сайтының «Ұлттық валюта» бөлімінде көруге болады.

